

БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУ





БЕЙІМДЕЛУ КЕЗЕҢІ

Балабақшаға бейімделу кезеңі – бұл баланың жаңа өмір жағдайына дағдыланатын уақыты, яғни балабақшаға күнделікті келуі. Бейімделу кезеңі бір айға созылады деп санаалады. Осы кезеңде бала топта қысқартылған уақыт болады және оған екпе жасалмайды.

Дәл осы бірінші айда балабақшаға барған кезде көп балалар ЖРВИ ауруымен ауырады. Бір айдан соң бала балабақшаға бейімделген деп саналады. Шын мәнінде әр баланың бейімделу кезеңі әртүрлі, бір балалар балабақшаға тез үйренеді, басқалары көп уақытта, ал үшіншісі балабақшаға біржолата баруға бас тартады және ол бала көп ауырады.

Балабақшаға бейімделу кезеңінде бала күйзеліске түседі. Ол кенеттен басқа балалар ортасына, бейтаныс адаммен бөтен жағдайда қалады. Сүйікті анасы жоқ. Анасының қасында болмауы бала үшін ең басты күйзеліс факторы болып саналады, әсіресе ол анасынан бұрын алшақ қалмаған бала болса. Баланың жасы кіші болған сайын оған неге анасының оны балабақшада тастап кеткенін түсіндіру қиын. Бірақ балада басқа амал болмағандықтан ол жаңа өмір жағдайына дағдыланады.





Бала тез дағдыланбағандықтан ұзақ күйзеліске түседі, ол баланың бүкіл организміне, әсіресе организмнің осал тұстарына әсер етеді. Сол себепті барлық созылмалы аурулардың күші күшеюі мүмкін.

Екінші жағынан баланың басқалармен қарым-қатынас аясы көбейеді: ол бірден – 20-30 балалы топта, бірнеше тәрбиешілер арасында болады. Бұл балаға таныс емес жаңа микрофлора болып саналады, ол әлсіреген организмде ауру тудырады, ал осы микробторға балада әлі иммунитет жоқ.

Кейбір балалардың соңына дейін емделмеген тұмауы топтағы балалардың арасында ЖРА ауруын тудыруы мүмкін.

Осының бәріне басқа да факторлар әсер етеді, яғни қызуы және аса тоңазыту, балабақшада тамақ ішпеу, ұйықтамау, іш қатуы салдарынан түрлі аурулар туындайды.



2 ЖАСТАН 3 ЖАСҚА ДЕЙІН

Бұл көп балалардың балбақшаға бару жасы, ол балаға психологиялық жағынан ең қиын кезең болып саналады, себебі бұндай жағдайда балаларға ата-анасымен тілдесу жеткілікті болғандықтан құрдастарымен тілдесуге әлі дайын емес, балалар бөтен адамдар мен ерекше жағдайлардан қорқады, анасымен эмоционалдық байланыс 3 жасқа дейінгі ұл балалар үшін өте үшін маңызды. Есесіне бұндай балалардың имундық жүйесі есейген және суық тиіп тұмау ауруымен ауру қаупі төмен болып саналады, ол балалар өзін-өзі күту дағдыларына үйренген.

3 ЖАСТАН KEЙІН

Балалар құрдастарымен, ересектермен тілдесуді қажет етеді, біртіндеп балалық қорқыныштарынан арылады, бөтен адамдардан, жаңа жағдайлардан қорқудан арылады, өзін-өзі күту дағдылары бар, имундық жүйелері қалыптасқан. Психолог мамандар қыз балаларды балабақшаға 3 жастан бастап, ұл балаларды 3,5 жастан бастап беруге кеңес береді. Бірақ әр баланың жеке тұлға екендігін және балабақшаға бару кезеңдері әртүрлі екендігін ұмытпаған жөн.





КӨМЕК КЕРЕК ПЕ?

Үйрету

Бала көп нарсені өзі істей алатын болса оның балабақшаға үйренісуі де жеңіл болады. Егер бала кеседен өзі іше алса, қасықпен тамақтана алса ол тәрбиешілер қашан оны тамақтандырады деп күтіп отырмайды, тәрбиешілер де анасы сияқты еркелетіп тамақтандыра алмайды. Бала тоқ және сабырлы жүреді.

Өздігінен киінуі және шешінуі – серуенге оны киіндіруін немесе шешіндіруін тоспайды.

Унитазға өздігінен отыра алады немесе сұранады- сулы киіммен жүрмейді.

Баланың сөйлеуі – ол балалармен, тәрбиешімен әңгімелеседі, өзінің өтініштерін айта алады. Тілдесу аясын ұлғайту – баланы басқа балалармен, олардың ата-аналарымен таныстыру қажет.

Көпбалалы жерлерде серуендеу, балалармен ойнау. Балабақшаның ауласында серуендеп, балаға жақын арада балабақшаға күнде баратындығын түсіндіру. Балабақшаның ауласында кеш уақытында серуендеу – бала басқа балаларды ата-аналары алып кетуін көреді.

Баланың күн тәртібін балабақшадағыдай үйрету керек. Таңертең ерте тұру, таңғы ас ішу, түскі ас ішу, ұйықтау, таңғы ас пен түскі ас арасында серуендеу.

Балабақшаның ас мәзірімен танысу және баланың тамақтану рационалына сол тағамдарды қосу.





БЕЙІМДЕЛУ КЕЗІНДЕ

ҰСЫНЫЛМАЙДЫ

Баланы балабақшамен қорқыту немесе жазалау: мысалы,
балабақшаға барған кезде сен өзінді қалай ұстайтыныңды
үйретеді,

Баланың көзінше тәрбиешілер туралы жаман айту,
Жаңа нәрсеге үйрету немесе басқа нәрселерді қойдыру, балаға
жаңа міндеттер жүктеу,

Баланың ауырған кезінде, демалыстарда, мейрамдарда күн
тәртібін өзгерту.

ҰСЫНЫЛАДЫ

Баланы балабақшаға әкесінің апаруы. Әдетте бала әкесіне
көп үйренбеген, сол себепті қоштасуға да жеңіл. Бұдан
басқа көп уақыт қоштасуға болмайды. Балаға қай уақытта
алып кету туралы айту және кешікпеу.

Алғашқы кезеңде балаға сүйікті ойыншығын алып жүру
немесе анасының суретін алу.

